



Қорға келіп түскен өтініштерді талдау – 2025 жыл

Кезең: 01.01–31.12.2025 ж.


Талдау мақсаты: Қордың call-орталығына
келіп түскен өтініштерді бағалау



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. ӨТКІЗУ.

2025 жылы түскен өтініштер

2025 жылғы кіріс өтініштер



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 1-ДС/10051-И тапсырмасын орындау мақсатында «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2025 жылы Қордың Call-орталығына келіп түскен өтініштерге талдау жүргізді.


Қордың Call-орталығына келіп түскен 8328 өтініштің ішінде: Қор қызметі туралы – 771, кадр мәселелері бойынша – 17, Хаттама мен САСШ-ға (сатып алу-сату шарты) қол қойылғаннан кейінгі сауда-саттық жеңімпазының іс-қимыл алгоритмі – 1319, e-qazyna.kz порталындағы аукционға қатысу үшін сауда-саттық регламентін түсіндіру – 5830, кіріс құжаттамасының орындалу барысы – 125, мемлекеттік сатып алу бойынша – 55, Қордың Басқарма Төрағасы мен оның орынбасарларының жеке қабылдауына жазылу – 28, сот істері бойынша – 15, банкроттық, қарыздар бойынша шарттық міндеттемелер және мүліктік құқықтар мәселелері бойынша – 131 және Қор құзыретіне кірмейтін мәселелер – 37.

Барлығы: 8328 түскен өтініш



2025 жылы түскен өтініштер

2025 жылғы кіріс өтініштер



Кезең:

- 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы — 4134 өтініш;
- 2025 жылдың екінші жартыжылдығы — 4194 өтініш.

Динамика:

Екінші жартыжылдықта өтініштер саны бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда **60** қоңырауға артты.

Барлығы: 8328 түскен өтініш



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. ӨТКІЗУ.



Өтініш түрлері бойынша статистика

№	Өтініш түрі	I жартыжылдық	2 жартыжылдық	2025 жыл
1	ҚОР ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ	460	311	771
2	КАДР МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША	10	7	17
3	МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША	33	22	55
4	КІРІС ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ	67	58	125
5	БАНКРОТТЫҚ, ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША	71	60	131
6	Е-QAZUNA.KZ ПОРТАЛЫНДАҒЫ АУКЦИОНҒА ҚАТЫСУ ҮШІН САУДА- САТТЫҚ РЕГЛАМЕНТІН ТҮСІНДІРУ	2806	3024	5830
7	ХАТТАМА МЕН САСШ-ҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ САУДА-САТТЫҚ ЖЕҢІМПАЗЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛ АЛГОРИТМІ	648	671	1319
8	СОТ ІСТЕРІ БОЙЫНША	8	7	15
9	ҚОРДЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАғАСЫ МЕН ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫНА ЖАЗЫЛУ	13	15	28
10	ҚҰЗЫРЕТКЕ ЖАТПАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	18	19	37
БАРЛЫҒЫ:		4134	4194	8328



Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің негізгі санаттары





ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. ӨТКІЗУ.

Өтініштерді қарау нәтижелері



Әрбір шешімнің заңдылығы

Қорға оның құзыретіне сәйкес келіп түскен өтініштер (арыздар, шағымдар) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) талаптарына сай қаралды.

Бұл ретте, талдама жасалған кезең ішінде қабылданған әкімшілік актілердің (шешімдердің) салдарынан азаматтардың немесе өзге де тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын яки заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау жөніндегі талаптар қамтылған шағымдар болған жоқ.





ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. ӨТКІЗУ.

Қор: ашықтық және сапа



Өтініштерге уақтылы жауап беру

Қорға келіп түскен барлық өтініштер қаралып, оларға сәйкес жауаптар, түсіндірмелер және ақпарат берілді. Бұл Қор қызметкерлерінің жоғары жауапкершілігі мен кәсібилігін көрсетеді.



Азаматтармен тиімді өзара іс- қимыл

Келіп түскен өтініштерді талдау Қордың дұрыс бағытта дамып келе жатқанын, қызмет көрсету сапасын арттырып, халық арасындағы ашықтық деңгейін көтеріп жатқанын дәлелдейді